

Мән-мәтін.

Республикадағы сегіз ірі өзеннің жетеуінің алабы трансшегаралыққа жатады. Олар: Балқаш-Алакөл, Шу-Талас, Арал-Сырдария, Орал-Каспий, Тобыл-Торғай, Есіл, Ертіс. Қазақстан суға тәуелді ел болғандықтан, трансшегаралық өзендердің суын пайдалану мәселесі аса маңызды. Әсіресе, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда облыстары суға аса зәру, тұщы су мүлде жоқ десе де болады. Сумен қамтамасыз ету үшін көршілес елдермен жасалынатын келісімшарттар, жобалар іске асырылуда.

Тапсырма:

1. Қазақстанның су ресурстары картасын пайдаланып, трансшегаралық өзендер кестесін толтырыңыз.

Трансшегаралық өзендер	Қандай мемлекеттердің аумағынан өтеді

2. Қызылордалық кәсіпкер Сырым былтыр күріштен мол өнім алды. Тұқымдыққа сақтаған өнімнен артылғанын, жәрмеңкеде сатып пайдаға кенелді. Алайда, биыл күткен үміті ақталмады. Өнім шығымы аз болды. Оған бірнеше себептер әсер етті.

А) Қызылорда облысындағы күріш алқабтары бар өзенді атаңыз _____

Ә) Сырымның күріштен аз өнім алуының негізгі себептерін талдаңыз _____

Б) Мәселені шешудің жолын ұсыныңыз _____

Дескриптор:

- трансшегаралық өзенді анықтайды;
- Сырдария өзенінің геосаяси мәселелерін талдайды;
- мәселені шешу жолын ұсынады.

Мән-мәтін.

Каспий - табиғи байлықтардың, тұщыландыруға жарамды судың, минералдық тұздың, бағалы балықтардың, мұнай мен газдың аса мол қоры бар табиғи кешен. Бірнеше мемлекеттердің шекарасында орналасқан Каспий теңізінің мәртебесі жоғары. 2018 жылы Ақтау қаласында Каспий жағалауы елдері соғыс күштері әсерінен “азат зона” ретінде қарастыратын Каспий теңізінің құқықтық статусы туралы Конвенцияға қол қойды. Бірақ, Каспийдің табиғи ресурстарын пайдалануда көршілес елдер әртүрлі көзарас ұстанады. Мысалы, біздің еліміз негізгі кіріс көзі болып саналатын мұнай мен газды игеруге мүдделі.



Тапсырма:

1. Каспий теңізі жағалауындағы елдерді атаңыз _____

2. Каспий теңізінің экологиялық мәселелерінің себеп-салдарын жіктеңіз _____

3. Мәселені шешудің жолдарын ұсыныңыз _____

4. Каспий жағалауындағы елдердің геосаяси мәселелеріне мысал келтіріңіз _____

5. Мәселені шешудің жолдарын ұсыныңыз _____

6. Каспий теңізінің мәртебесіне баға беріңіз _____